




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Араб тілінің парсы тіліне ықпалы





Араб тілінің таралуы, оның қолданылу аясы бес себеппен кеңейген. Ислам территориясында араб, парсы, түркі даласында ислам мәдениетін, танымын арттыру үшін көптеген мәдени және ғылыми орталықтар ашылды. Мысалы, медреселер, дәрісханалар, әртүрлі саладағы діни адамдарға бас қосып, бір-бірімен әңгімелесіп, пікірлерін бөлісіп, исламды тереңірек тануға мүмкіндік туғызды.

Пайғамбар заманынан ғылымға көп мән берілген. Сол кезде «Ғылымды, керек болса, Қытайға дейін барып үйрен» деген сөз тараған. Бұл сол жерден Қытайға дейін арақашықтық өте алыс болғандықтан, солай айтылған. Сол кездегі мұсылманның дәулетті адамдары, өз халқының ғылымға талпынған адамдарына қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, ислам территориясында оқу орындарын ашуға көп ақша жұмсалған. Мысалы, 950 жылы Ирактың Мосул қаласында бір дәулетті адамдардың қаражатымен үлкен оқу орны ашылды. Сол оқу орнының арқасында ғылымға талпыныс жасаған мұсылман халқы оқуға мүмкіндік алды. Сол кездегі кітапханалардың басты ерекшелігі, тәулік бойы жұмыс жасаған. Сол сияқты ашылған мәдени орталықтар мен дәрісханалар да осылай жұмыс жасаған көрінеді. Кейін кітап дүкендері де көптеп ашыла бастады. Сол кезде Бағдат қаласының өзінде 100 кітап дүкені болған. Бұл, елдің кітап оқуына деген құштарлығын арттыра түсті.

Жібек жолы сияқты сауда керуендері Қытайдан Орталық Азияға, Ираннан басқа араб елдеріне баратын еді. Билік тарапынан оларға жүктелген тапсырма, ол – сату мен таратуға әр сауда керуендері өздерімен бірге кітап алып жүру керек еді. Сол саудагерлердің арқасында көптеген кітаптар ислам территориясында айналымға түскен. Осылай, қарапайым халықтың кітаптарға қол жеткізу мүмкіндігі жоғарылады.

Иранның Рей қаласында, Ирактың Бағдат пен Мосул қалаларында жаңа оқу орындары ашылған. Түркістанның территориясындағы Хорезм, Тараз, Баласағұн, т.б. сияқты қалаларында, ғылыми орталықтар бар еді. Иран, Араб, Түркістан қалаларында ашылған оқу орындары, осы үш елдің талапкерлері мен ұстаздарының бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызды. Саяси ахуал қандай болса да, билікке талас сияқты шиеленістер болып жатты, бірақ ислам мәдениеті мен біліміне қызмет жасайтын орталықтар, ешқашан жұмысын тоқтатқан емес.

40 жасында Отырардан Бағдатқа барып, білім алған әл-Фараби сияқты Түркістаннан Бағдатқа, не Мысырға барып оқыған көптеген ғалымдар болған. Сол кезде Қазақстаннан да, Араб елдеріне барып білім алған адамдардың саны өте көп болатын. Олар туралы шығыстанушы, дінтанушы, жазушы, сыншы, филология ғылымдарының докторы (1998), Әбсаттар қажы Бағысбайұлы (1947 жылы туған) «Түркістаннан шыққан ғалымдар» кітабында жазған болатын. Сол кездерде ғалымдарды ерекше құрметтеген, оларға барлық жағдайды жасаған. Соншалықты құрметтеуінің салдарынан, мынадай мақал шыққан көрінеді: «Ғалым әкімнің алдына барса, елдің келешегі жоқ, әкім ғалымның алдына барса, сол ел гүлденеді». Исламның ғылымға, ғалымға сый-құрметі, көзқарасы билік басындағыларға үлкен әсер еткен. Солардың бірі – моңғол және түрік тектес халықтардың билеушісі, Темір әулеті империясының негізін салушы Әмір Темір (1336–1405) болған. Ол қаншама жойқын шабуылдар жасаса да, әскерлері мен сардарларына беретін бұйрығы, ол елдің ғалымдарына тиіспеу. Осындай көзқарас, ғылымның дамуына, араб тіліне көп көңіл бөлінуіне жағдай туғызды.

Араб тілінің кеңінен таралып дамуының тағы бір себебі, саяси ұстанымның өте жоғары демократиялық деңгейде болғандығы. Бұл Аббас халифатының кезеңінде жүзеге асты. Аббас әулеті «ұлтшылдық» саясатын жүргізген жоқ, басқа да ұлттардың ғалымдарына, оларды бүкіл ислам дүниесінің құндылығы деп қарады. Сондықтан Орталық Азияда, Иранда бір керемет үрдіс пайда болды. Ол, араб тілімен қатар, парсы мен түркі тілін үйрену. Аббас халифаты осылайша, үш тілді меңгеруге жағдай туғызды. Сөйтіп, ирандықтар парсы тілінен де, араб тілінен де ажырап қалған жоқ. Қайта араб тілін үйренгісі келді, өйткені, исламды түсіну үшін Құранды білу керек болды, ал Құранды білу үшін араб тілін үйрену керек. Дінді қабылдағаннан кейін араб тілін заңды түрде үйренуге тура келетін еді, бірақ бұл күштеп жасалған жоқ. Исламды қоғам қабылдады, соның арқасында оның философиясы қоғамды өзіне қарата білді. Ал бұл өз кезегінде, үш елдің ғалымдарының бір-біріне қызмет жасауына алып келді. Қазақтардың ішінде қожа дегендер болды. Олар ешқандай руға жатпайды, бірақ өмір сүрген жерлерінің бәрінде сол жердің қожасы болып есептелетін. Олар ислам дінін таратып, араб тілінің үйренуіне



септігін тигізді. Жүрген жерлерінде түркінің ішінде түркіленіп, арабтың ішінде арабтанып кетіп жүрді. Қытайға да барғандар қытайлық болып кетті. Саяси көзқарастың дұрыс болуы, бір тілдің дамуына, оның механизмнің жақсы жұмыс жасауына үлкен септігін тигізеді.

Иранның атақты ғалымы, парсы тілін жүйрік білетін, араб тілінің майталман маманы Жүсіп әл-Хамадани түрлі себептермен түркі даласымен, Түркістанмен байланыста болғанның арқасында түркі тілін үйренген. Кейін Самарқанд, Бұқараға келіп, Қожа Ахмет Ясауи, Бақырғани сияқты үлкен шәкірттерді дайындаған. Олар ислам дінінің Орталық Азияда дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалар және Аббас халифатының дұрыс саяси ұстанымының арқасында Ираннан келіп, Самарқанд, Бұқара медреселерінде үш тілде дәріс берген ұстаздар болды. Сөйтіп X ғасырда араб және парсы тілдерімен қатар түркі тілі де іске қосылды. Демократиялық көзқарас болмағанда, араб тілінің дамуы тежелетін еді. Араб тілі кейін қолданыстан шықса да, өзінің ғылыми, діни, рухани потенциалын жоғалтқан жоқ.

Күні бүгінге дейін Иранда да, мұсылман елдерінде де, араб тілі өзінің мәдени, рухани құндылығын сақтап келе жатыр. Бұл Аббас халифатының еңбегінің арқасы. Бұл кезеңде ислам дінін терең түсінуге, оған ерекше құрметпен қарауға барлық мүмкіндіктер жасалды. Саяси билік, зиялы қауым, ауқатты байлар үшеуі біріккен кезде бір елдің тілі, әдебиеті, мәдениеті өркендейді. Саяси билік бүкіл мұсылманға мәдени және ғылыми еңбек етуге мүмкіндік берді. Ал сол кездегі ауқатты, бай мұсылмандар мектеп, медресе, кітапханалар ашуға жағдай жасады. Сонымен қатар, кітапты сауданың бір тауары ретінде енгізді. Осылай кітап дүкендері мен кітапханалар жұмыс істеуге кірісті. Қорыта айтқанда, саяси билік және ауқатты, бай адамдар, зиялы қауымға, яғни ғалымдар, жазушылар, ақындар, т.с.с. жағдай жасау керек еді. Олардың тарапынан еш жұмыс жасалмағанда соңғы межеге жету қиынға соғар еді. Медицинаны әлемдік деңгейге көтерген Ибн Синалар, үлкен философия, музыканы Әбу Насыр әл-Фарабилар т.б. барлығы өз еңбектерін араб тілінде жазды.

Иран әдебиеті кезінде әлемдік деңгейге өте жоғары деңгейге көтерілгендіктен, «Шахнамдан» бастап, бес ғасыр бойы бүкіл әлем әдебиетіне өз ықпалын жасап отырды. Иран әдебиетінің түркі және араб әдебиетімен қарым-қатынасы өте күшті болды. Бұл жөнінде көптеген зерттеу жұмыстары бар. Еуропалықтар да Иран әдебиетінің тарихын көп зерттеген.

Иран әдебиетін Фирдоуси мен Сағдиге дейін де, Эдуард Браунның бірнеше томдық зерттеу жұмыстары бар. Бұларды оқып Иранның әртүрлі кезеңдеріндегі әдебиетімен таныса аласыздар. Иран әдебиетінің зерттеулерін әу баста иран ғалымдары жазған жоқ, оны шетелдіктер жазды. Хафездің ғазалдарын бірінші рет түсініктеме жазып берген Суди деген түрік ғалымы болған. Одан кейін XX ғасырдың аясында иран ғалымдары да өз әдебиетіне мән бере бастады. Түркі тілінде де, Иран әдебиетінің түркі және араб әдебиетімен арақатынасын қазақ даласында дүниеге келген Шейх Ахмет Құдайдад Таразидың еңбектерінен оқи аламыз. Соның бірі «Көркем сөз өнері» еңбегіне күні бүгінге дейін көп көңіл бөлінбей келе жатыр. Иран мен түркі және парсы әдебиетінің қарым-қатынасын, осы кітаптан анық оқып зерттеуге болады. Тілдік тұрғыдан да, әдеби тұрғыдан да, көркемдік тұрғыдан да өте үлкен көмегі тиеді.